

Қазақстан Республикасы  
ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясы

Костанайская академия  
МВД Республики Казахстан  
имени Ширакбека Кабылбаева

## ХАТТАМА

№ 1  
Қостанай қ.  
2025 ж. 15.09.



## ПРОТОКОЛ

№ 1  
г. Костанай  
15.09.2025 г.

### Қатысты:

- 1 Дәрменов А.Д., Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының (бұдан әрі – Академия) бастығы, з.ғ.к., профессор, полиция генерал-майоры (Ғылыми кеңестің төрағасы);
- 2 Жолдаскалиев С.М., Академия бастығының орынбасары, з.ғ.к., полиция подполковнигі;
- 3 Аужанов Р.К., Академия бастығының орынбасары, полиция подполковнигі;
- 4 Айтуарова А.Б., Академияның Ғылыми кеңес ғылыми хатшысы, з.ғ.к., қауымд. профессор, полиция полковнигі;
- 5 Нуркина Б.А., жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы полиция подполковнигі;
- 6 Қалқаманұлы Д.Қ., қосымша білім беру факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), қауымд. профессор, полиция подполковнигі;
- 7 Акимжанов Е.С., кәсіби даярлық факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі;
- 8 Медведева А.Н., әдістемелік орталықның бастығы, полиция подполковнигі;
- 9 Смышляев А.С., әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі;
- 10 Жуматов К.Е., әскери және тактикалық-арнайы даярлық кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі;
- 11 Тулкинбаев Н.А., жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы, п.ғ.к., доцент;
- 12 Руденко Ж.М., педагогика және психология кафедрасы бастығының орынбасары полиция подполковнигі;
- 13 Конвисарь А.А., қылмыстық-атқару құқығы кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі;
- 14 Ақылбекова А.Б., жалпы құқықтық пәндер кафедрасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі;
- 15 Кульжанова Г.Т., жалпы құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., доцент;
- 16 Брылевский А.В., қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к.;
- 17 Темирканова Д.К., Академиясының докторанты полиция капитаны

### **Қатыспағандар:**

1 Абдрахманов М.Б., дене шынықтыру кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі – демалыс;

2 Баргаринов А.Р., жедел-іздігі қызметі кафедрасы бастығының, з.ғ.к., полиция подполковнигі – демалыс;

3 Старкова В.В., қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), қауымд. профессор, полиция полковнигі – басқа қызметке ауысты;

4 Досболова С.А., Академиясының магистранты полиция майоры – басқа қызметке ауысты.

### **Шақырылған:**

– Н.Ж. Ибраева ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің аға ғылыми қызметкері полиция подполковнигі;

**Отырысты А.Д. Дәрменов, Академия бастығы, з.ғ.к., полиция генерал-майоры (Ғылыми кеңес төрағасы) жүргізді;**

**А.Д. Дәрменов, кворумды анықтайды (А.Б. Айтуарованың баяндамасы, ғылыми хатшы, з.ғ.к., полиция полковнигі).**

**А.Б. Айтуарова:** Бүгінгі таңда тізім бойынша 17 адам, 4 адам жоқ, 18 адам бар. Осылайша кворум жиналды.

### **Тексеріледі:**

- келу парағының болуы (бар болса, қатысқандардың барлығы қол қойды);
- Ғылыми кеңестің шешімдері жобасының болуы (берілген);
- Ғылыми кеңестің материалдары (барлығында бар);
- отырыс өткізудің шарттары мен форматы туралы айтылды.

Күн тәртібі жарияланады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері күн тәртібімен таныстырылды):

1 Магистрант Е. Жуанышбаевтың ғылыми-педагогикалық магистратураны мемлекеттік аттестаттау қорытындыларын талқылау мәселесінің. Баяндамашы: Е.С. Акимжанов.

Күн тәртібі дауыс беруге шығарылады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері танысты, барлығының қолында).

**А.Д. Дәрменов:** Қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуіңізді сұраймын.

**А.Д. Дәрменов, дауыс беруге енгізіледі:** «қолдап» - 17, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.

1 **А.Д. Дәрменов:** Қайырлы күн, әріптестер. Бүгін біз Ғылыми кеңестің жоспардан тыс отырысын өткіземіз. Күн тәртібінде нәтижелері Қазақстан

Республикасы ІІМ жеке құрамымен жұмыс департаментіне жіберілуі тиіс бір мәселені талқылау.

Әрі қарай, **А.Д. Дәрменов** күн тәртібіндегі бірінші мәселеге көшуді ұсынады: «Магистрант **Е. Жуанышбаевтың** ғылыми-педагогикалық магистратураны мемлекеттік аттестаттау қорытындыларын талқылау мәселесінің»

**ТЫҢДАЛДЫ: Е.С. Акимжановты**, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Сәлеметсіз бе, құрметті ғылыми кеңестің төрағасы мен мүшелері! Аттестаттау қорытындысы бойынша Сіздердің назарларыңызға ақпарат ұсынамын.

Қорытынды аттестаттауға жіберу туралы 25.07.2025 жылғы № 106 бұйрыққа сәйкес Қостанай қалалық сотының 2025 жылғы 25 маусымдағы шешімі негізінде. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» № 407- IV-Заңына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына (1-параграф. Магистратура), Қазақстан Республикасы ІІМ 2016 жылғы 13 қаңтардағы «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» № 20-бұйрығына, Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының «7М12301-Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық магистратурасының оқу жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылдың тамыз айының 9-ы мен 13-і аралығында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 2023 жылы қабылданған ғылыми-педагогикалық магистратураның 2-курс магистрантының қорытынды аттестаттауы өтті.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы «Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарының 2024-2025 оқу жылына Мемлекеттік аттестаттау комиссиялары мен Мемлекеттік емтихан комиссияларының төрағаларын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ 2024 жылғы 25 қарашасындағы № 928 бұйрығымен бекітілген.

7М12301-«Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссияның төрағасы болып Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің қылмыстық және азаматтық құқық және процесс кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы Аман Елеусизович Мизанбаев тағайындалды.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағасының орынбасары және мүшелері Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы бастығының «Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту туралы» 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 221, «2024 жылғы 31 желтоқсанындағы № 221 Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту туралы академия бастығының бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2025 жылғы 14 сәуіріндегі № 54 бұйрықтарымен төмендегі тізім бойынша бекітілді:

комиссия төрағасының орынбасары – Академия бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция генерал-майоры Ақынғали Даутбаевич Дәрменов;

Комиссия мүшелері:

– Академия бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі Сейлхан Мусиевич Жолдаскалиев ;

– кәсіби даярлық факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Ерик Серикович Акимжанов;

– қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы Айдаркан Байдекович Скаков;

– қылмыстық-атқару құқығы кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, әділет генерал-майоры Мейрам Акатович Аюбаев;

– қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Андрей Владимирович Брылевский;

– әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, заң ғылымдарының докторы, доцент Булатбек Кабдушевич Шнарбаев;

– педагогика және психология кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Гайда Байгуровна Жандарбекова;

– қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Виктория Викторовна Старкова;

– әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Александр Сергеевич Смышляев;

– жедел-іздістіру қызметі кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі Аслан Рамазанович Баргаринов.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының хатшысы:

– қылмыстық-атқару құқығы кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны Динара Мендығалиевна Есиргепова;

– әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны Майра Есенгельдиевна Кусайнова;

– әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны Асемгуль Уахитовна Сейдахметова.

1) Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының 7М12301 - «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді дайындау деңгейі.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 7М12301 - «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің дайындық деңгейі ғылыми-педагогикалық магистратура түлектерінің негізгі құзыреттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Магистранттың алған білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын

бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына (1-параграф. Магистратура).

2) кешенді емтиханда анықталған магистранттардың біліміне сипаттама.

2023 жылғы ғылыми-педагогикалық магистратураның 2 курс магистрантының қорытынды аттестаттау «Құқық қорғау қызметінің өзекті мәселелері» және «Құқық қорғау органдарының жоғары арнаулы оқу орындарында білім беру процесін ұйымдастыру» пәндері шеңберінде білім беру бағдарламасы бойынша Мемлекеттік кешенді емтихан нысанында өткізілді.

Академия бастығының 2025 жылғы 25 шілдедегі № 106 «Қорытынды аттестаттауға жіберу туралы» бұйрығына сәйкес 1 магистрант жіберілді: полиция капитаны Жуанышбаев Ермек Жумабекович.

2025 жылғы 9 тамызда магистрант емтихан билеттері мәселелері бойынша ауызша нысанда «Құқық қорғау қызметінің өзекті мәселелері» және «Құқық қорғау органдарының жоғары арнаулы оқу орындарында білім беру процесін ұйымдастыру» пәндері бойынша Мемлекеттік кешенді емтихан тапсырды. Магистранттың білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан тапсыру нәтижелері:

– полиция капитаны Жуанышбаев Е.Ж. 89% В+ 3,33;

Мемлекеттік кешенді емтихан қорытындысы бойынша орташа балл 3,33 баллды (89%) құрады.

Жалпы, магистрант емтихан пәндері бойынша орташа білім деңгейін көрсетті. Магистрант толық, егжей-тегжейлі жауаптар берді: емтихан тапсыру барысында магистрант отандық және шетелдік заңнамаға салыстырмалы талдау жүргізді, емтихан билеттерінде қаралатын мәселелердің теориялық және практикалық аспектілерін жария етті, Ішкі істер органдарындағы практикалық қызметтің өзіндік тәжірибесінен көптеген мысалдар келтірді.

3) 7M12301-«Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистрантты дайындау сапасының талдауы.

Магистрант қажетті білім, білік және дағдыларға ие. Олар ғылым мен білімнің қоғамдық өмірдегі рөлі, жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы түсінікке ие. Олар алған білімдерін ғылыми зерттеулер аясында идеяларды дамыту және қолдану үшін қолдана алады. Процестер мен құбылыстарды талдаудағы қолданыстағы тұжырымдамаларды, теориялар мен тәсілдерді сыни тұрғыдан талдай алады. Зерттеу міндеттерін жаңа жағдайларда шешу үшін оқыту аясында алынған білімді біріктіреді. Ол жаңа мәселелер мен жағдайларды шешуде креативті ойлайды және шығармашылықпен қарайды. Диссертация, ғылыми мақалалар, есептер, аналитикалық шолулар және т.б. түріндегі ғылыми-зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін жинақтайды, ғылыми-зерттеу қызметінің, стандартты ғылыми міндеттерді шешудің; оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асырудың; кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесінің дағдылары бар. Ғылыми зерттеулер әдіснамасы; жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; қазіргі заманғы білім беру технологиялары мәселелерінде құзыретті болып табылады.

Жалпы, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 7М12301 - «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистрді дайындау сапасы қанағаттанарлық болып табылады.

*4) Магистрді дайындаудағы кемшіліктер.*

Қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмысы барысында 7М12301-«Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистрді дайындау сапасындағы кемшіліктер анықталған жоқ.

Ескерту негізінде төмендегілерді атап өткен жөн:

1. Диссертацияны ресімдеу кезінде кемшіліктер анықталды-қорғауға шығарылатын ережелерге түзетулер енгізілді. Қазіргі уақытта бұл ескертулер жойылды.

*5) Магистрлік диссертацияның (жоба) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жағдайына және ішкі істер органдарының практикалық қажеттіліктерінің сұраныстарына сәйкестігі.*

2025 жылғы шығарылымның магистрлік диссертацияның тақырыбы заң ғылымының қазіргі жағдайына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының сұраныстарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыста ғылыми мәселелер нақтыланып, оларды шешу бойынша ұсыныстар тұжырымдалды.

Ғылыми-педагогикалық магистратура магистранты орындайтын бітіру жұмыстары 7М12301 – «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

*6) Магистрлік диссертацияның (жобаны) орындау сапасы.*

Магистрлік диссертация қажетті теориялық және әдіснамалық деңгейде орындалды. Техникалық ресімдеу және сапалық мазмұны бойынша магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеулерде қарастырылған мәселелерді магистрант жеткілікті дәрежеде зерттеді.

Магистрлік диссертацияның орындалу сапасы қанағаттанарлық болып табылады. Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтті.

*7) Сараптамалық комиссия қорытындысының, ғылыми жетекшінің пікірінің, ресми сыртқы рецензенттің рецензиясының магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау деңгейіне сәйкестігі.*

Магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес магистрлік диссертацияны қорғауға жіберу туралы сараптамалық комиссияның қорытындысы дайындалды: Төраға – заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Айтуарова Альфия Булатовна.

Комиссия мүшелері:

- философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Данияр Қалқаманұлы;
- философия докторы (PhD), полиция полковнигі Александр Сергеевич Смышляев;
- заң ғылымдарының кандидаты Лев Олегович Хон;
- философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Аида Батырбековна Базарбаева.

Магистранттың барлық диссертациялық зерттеулері бекітілген кафедраларда алдын ала қорғаудан өтті: әкімшілік-құқықтық пәндер (08.08.2025 ж. №1).

Диссертант қорғауға барлық қажетті құжаттарды: диссертация даналарын, ғылыми жетекшілердің пікірлерін, ресми оппоненттердің рецензияларын, диссертация тақырыбы бойынша ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың тізімдерін немесе халықаралық не республикалық ғылыми конференцияларда сөйлеген сөздерін; сараптау комиссиясының диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыным беру туралы жазбаша қорытындысын; шығарушы кафедраның қорғауға ұсыным беру туралы шешімін (кафедра отырысы хаттамасынан үзінді), республиканың құқық қорғау органдарының оқу процесіне және практикалық қызметіне диссертациялық зерттеулердің нәтижелерін енгізу актілерін ұсынды.

Сараптамалық комиссияның қорытындысы, ғылыми жетекшілердің сын-пікірлері, ресми сыртқы рецензенттердің пікірлері магистрлік диссертацияларды қорғау деңгейлеріне сәйкес келеді.

2025 жылғы 11 тамызда 2023 жылы қабылданған ғылыми-педагогикалық магистратураның 2-курс магистрантының магистрлік диссертацияларын қорғау бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының отырысы өтті.

1 магистранттың диссертациясы 7М12301 - «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі» дәрежесін ізденуге ұсынылды. Магистранттардың диссертациялық зерттеулерін қорғау жария түрде Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының, ғылыми жетекшілердің, Академияның магистрантының қатысуымен өтті.

Магистрлік диссертацияларды қорғау нәтижесі:

- полиция капитаны Жуанышбаев Е.Ж. 90% А- 3,67;

Қорғау кезінде магистрлік диссертацияны қорғау тәртібіне қойылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарының барлық талаптары сақталынды. Магистрлік диссертация бойынша көркем және статистикалық материалдарды көрсету үшін магистрант техникалық оқу құралдарын (проектор, ноутбук, экран) пайдаланды.

Магистранттың диссертациялық зерттеулерін қорғау қорытындылары бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелерінің жасырын дауыс беруі өткізіліп, одан әрі 7М12301-«Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі» дәрежесін беру бойынша дауыс беру нәтижелері жария етілді. Барлық диссертацияларға 7М12301- «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» дәрежесі берілді. Акт бойынша диссертацияның бір данасы жалпы кітапханаға және оқу процесінде пайдалану үшін Академияның бітіруші кафедраларына берілді.

Диссертациялық зерттеулер қажетті теориялық және әдіснамалық деңгейде орындалды. Техникалық ресімдеу және сапалы мазмұн бойынша магистрлік диссертациясын ресімдеу қағидаларының талаптарына сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеулерде қарастырылған мәселелер жеткілікті түрде зерттелген. Диссертациялардың сапасы қанағаттанарлық.

8) Магистрлерді дайындауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар.

1. Ғылыми зерттеу нәтижелерін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының оқу процесі мен практикалық қызметіне енгізу;

2. Ғылыми зерттеу жүргізу кезінде ғылымның қазіргі жетістіктеріндегі отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибесін пайдалану;

3. Магистранттардың теориялық ізденістерін шығарылған ғылыми өнім түрінде бейінді комитеттермен өз ара қарым-қатынасты жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру.

### Мемлекеттік кешенді емтиханын тапсыру нәтижелері (қосымша)

Қорытынды аттестаттау нысаны	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендердің саны	Тапсырғандар саны	Соның ішінде:			
			өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз
Мемлекеттік кешенді емтихан	1	1	-	1	-	-

### Магистрлік диссертацияны қорғау нәтижелері (қосымша)

Қорытынды аттестаттау нысаны	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендер саны	Тапсырғандар саны	Соның ішінде:			
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттандырылған	Қанағаттандырылмаған
Диссертация қорғау	1	1	1	-	-	-

### Түлектерін қорытынды аттестаттаудың жалпы нәтижелері

ҚА-ға жіберілгендердің саны	АА-ға келмегендердің саны	АА-ға тапсырғандардың саны	Олардың ішінен тапсырылды				Тек қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз бағаланғандар
			Тек өте жақсы	Тек өте жақсы және жақсы	Аралас бағалар	Тек жақсы		
1	-	1	-	1	-	-	-	

### Салыстырмалы шығарылымды талдау

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есепті кезең
% сапа	88 %	90 %
% үлгерім	100 %	100 %
Орташа балл	3,33	3,67

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАГИСТРАТУРАНЫ БІТІРГЕН МАГИСТРАНТЫНЫҢ ТІЗІМІ**

№ қ/к	Түлектің Т.Е.Ә.	Мамандығы	Берілген диплом нөмірі
1.	Жуанышбаев Ермек Жумабекович	7М12301 «Құқық қорғау қызметі»	ЖООК-М № 0218378

Бұл мәселе бойынша менде бәрі бар. Ғылыми кеңес мүшелерінен магистрант Е.Ж. Жуанышбаевты аттестаттау нәтижелерін мақұлдауды және бекітуді сұраймын.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:** А.Д. Дәрменов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма?

А.Д. Дәрменов: Онда егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуге рұқсат етіңіздер.

А.Д. Дәрменов, дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 17, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.

**ШЕШТІ:**

1 Ақпарат назарға алынсын.


2 Ғылыми-педагогикалық магистратура магистранты Е. Жуанышбаев мемлекеттік аттестация қорытындылары бойынша есебін мақұлдап, бекіту.

3 Е. Акимжановқа есепті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жеке құраммен жұмыс жөніндегі департаментіне жолдау қажет.

Жауаптылар: С.М. Жолдаскалиев, Е.С. Акимжанов, орындау мерзімі: 20.09.2025 ж.

**ТЫҢДАЛДЫ:** А.Д. Дәрменов: Құрметті әріптестер, отырыстың күн тәртібіндегі мәселе толық қаралды. Сұрақтар, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер толықтырулар болмаса, мен Ғылыми кеңестің жоспардан тыс отырысын жабық деп жариялаймын.

Академияның Ғылыми кеңес төрағасы  
заң ғылымдарының кандидаты,  
полиция генерал-майоры



А.Д. Дәрменов

Академияның Ғылыми Кеңестің  
ғылыми хатшысы  
заң ғылымдарының кандидаты,  
полиция полковнигі



А.Б. Айтуарова